

# Негізгі өзгерістер мен түсіндірмелердің түйіндемесі



*2025 тыйым салынған препараттардың тізімі*

## Тұрақты түрде тыйым салынған субстанциялар мен әдістер

(жарыстық және жарыстан тыс кезеңінде)

# ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН ЗАТТАР

## S0. Қолдануға жол берілмеген субстанциялар

- S-107 және S48168 (ARM210) рианодиндік рецептор - 1-кальстабин кешенінің тұрақтандырғыштар сыныбының үлгісі ретінде қосылған. Рианодиндік рецептор - 1-кальстабин кешені қаңқалық бұлшықеттің функцияларын қолдайтын кальцийді жинақтау мен босатудың негізгі компоненті болып табылады

## S3. Бета-2 агонисттер

- Жұмысқа қабілеттілігін арттыра алатын ингаляциялық формотеролдың әлеуетті мөлшерлері туралы жақын арадағы жарияланымға байланысты, эргогендік әсерге жету мүмкіндігіне жол бермеу мақсатында мөлшерлеу аралықтары қайта қаралды. Жаңа 12-сағаттық мөлшерлеу аралықтары өндірушінің ұсынымдарына сәйкес келеді, бұл ретте ең жоғары тәуліктік мөлшерлемесі бұрынғыдай қалады - 24 сағат ішінде 54 мкг

## S4. Гормонды және метаболиттік модуляторлар

- Элацестрант антиэстроген үлгісі ретінде қосылған.
- 12S рРНК-с (MOTS-с) митохондриялды ашық оқып алу жақтауы AMP-белсендіру протеинкиназаның белсендіргіші ретінде қосылған
- Айқындық үшін, S519 және S597 инсулиномиметиктер үлгісі ретінде қосылған  
Инсулиномиметикалық қосындылар немесе инсулин рецепторларының селективтік модуляторлары (SIRM) инсулин рецепторымен байланысу арқылы инсулин әрекетін имитациялайды <sup>2</sup>.

## S5. Несеп айдатқылар және бүркелемеуші агенттер

- Несеп айдайтын дәрі ретінде ксипамид қосылған.

2 а) Шеффер Л., Бриссетт Р. Е., Шпетцлер Ж. К., Пиллутла Р. К., Эстергаард С., Ленник М., Брандт Ж., Флетчер П. В., Даниэльсен Г. М., Хсиао К. Ч., Андерсен А. С.  
AS, Dedova O, Ribel U, Hoeg-Jensen T, Hansen PH, Blume AJ, Markussen J, Goldstein NI. Инсулинді рецепторлардың жоғары аффинді агонистерін және антагонистерін пептидті құрылыс блоктарынан жинау. Proc Natl Acad Sci U S A. 2003 Apr 15;100(8):4435-9. doi:10.1073/pnas.0830026100  
b) Schäffer L (2006) Инсулин рецепторларын модульдеуші фармацевтік белсенді молекулалар. PCT Int Appl WO2006018450

# ТҢҢЫМ САЛЫНҒАН ӘДІСТЕР

## М1. Қанмен және оның құрамбөліктерімен іс-әрекеттер

- Қан және оның құрамбөліктерінің (мысалы, шеткі қанның плазмасы, эритроциттері, лейкоциттері, тромбоциттері және дің жасушалары) донорлығына, соның ішінде аферез арқылы, егер ол әрекет ететін елдің тиісті тіркеуші органымен аккредиттелген қан жинау орталығында жүзеге асырылса, оған тыйым салынбайды.

## • М3. Гендік және жасушалық допинг

- Айқындық үшін шамалы редакциялық өзгеріс енгізілген

## ЖАРЫСТАРДА ҚОЛДАНУҒА ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН СУБСТАНЦИЯЛАР МЕН ӘДІСТЕР

## ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН ЗАТТАР

### S5. Үдеткіштер

- Гидрафинил (флуоренол) S6.B санатынан S6.A санатына ауыстырылды, өйткені бұл зат модафинилға қарағанда неғұрлым айқын әсерге ие және оны медициналық мақсатта қолдануға рұқсат етілмеген.
- Мидодрин және тезофензин аталған үдеткіштердің үлгісі ретінде қосылған
- Гуанфацинге тыйым салынбағаны аңқтыланды

## БЕЛГІЛІ БІР СПОРТ ТҮРЛЕРІНДЕ ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН

### P1. Бета-блокаторлар

- Халықаралық шаңғы спорты мен сноуборд федерациясы (FIS) ұсынған ақпарат негізінде, хафпайп тәртібінде трамплиннен секіру және фристайл сияқты және хафпайп/ биг-эйр тәртібінде сноуборд сияқты шаңғы спорты/сноуборд тәртіптері алып тасталды

## МОНИТОРИНГ БАҒДАРЛАМАСЫ

- Фентанил мен трамадол жарыстан тыс пайдалану модельдерін қадағалау үшін қосылған
- Бұдан бұрынғы түрлендірулер мен кларификациялар туралы қосымша ақпарат алу үшін <https://www.wada-ama.org/en/prohibited-list#faq-anchor> сайтында Тыйым салынған тізім бойынша жиі қойылатын сұрақтармен танысуыңызды өтінеміз.